

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 3 ХАТТАМАСЫ

«03» наурыз 2025 ж

Комиссия мүшелерінің жалпы саны: 8

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Сулейменова А.С.
2. Әлеуметтік педагог – Саденова Л.А.
3. Қамқоршылық кеңес төрайымы – Латыш В.
4. Қамқоршылық кеңес мүшелері: 5 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ

1. Мектеп асханасындағы ас мәзірінен «балық етін» алып тастауды талқылау

Тыңдалды: А.Р.Абдрахманова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Бүгін, 2025 жылғы 03 наурыз күні күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп асханасындағы ас мәзірінен «балық етін» алып тастауды талқылау бойынша жиналып отырмыз. Құрамында А, D, E дәрумендері мен кальций, йод, темір, магний, фосфор, селен, мырыш бар балық еті бала денсаулығына, өсіп дамуына өте пайдалы.

Қамқоршылық кеңес төрайымы В.Латыш сөз алды:

Бастауыш сынып оқушыларының ішінде балық етін жейтін немесе жемейтін оқушылар бар ма? Балық етін не себепті оқушылар жеуден бас тартып отыр? Балық етіне ата-аналардың пікірі қандай екен?

Әлеуметтік педагог Л.А.Саденова сөз алды.

Астана қаласы Білім басқармасының 2024 оқу жылына арнап бекітілген перспективалық мәзірінде аптаның әрбір бейсенбісінде сағат 11-ден кейін бұқтырылған балық еті қосылған бұқтырылған күріш беріледі. Бұқтырылған балық етінде ұсақ қылтанақ (сүйек) болуына байланысты бастауыш оқушыларының көпшілігі тамақты жемейді. Балық етіне байланысты сауалнама нәтижесіне сай ата-аналардың басым бөлігі ас мәзірінен балық етін алып орнына басқа тағамды қоюды сұраған болатын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Сулейменова сөз алды:

Ата-аналардың басым көпшілігінің сұранысы бойынша бастауыш оқушыларына ас мәзіріндегі балық етінің орнына қызанақ тұздығы қосылған сиыр етінен тефтель беріледі деп жоспарлап отырмыз.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Подчасова сөз алды:

Бастауыш сынып оқушылары балық етін жемеуіне байланысты балық етінің орнына қызанақ тұздығы қосылған сиыр етінен тефтель берілген дұрыс. Бірінші кезекте балалардың денсаулығы мен тамақтың ысырап кетпеуі мұқият қадағалануы керек.

Ұсынысқа келісім берушілер: 8

Келіспейтіндер: 0

Шешім:

Күн тәртібінде қаралған мектеп асханасындағы ас мәзірінен «балық етін» алып тасталсын. Балық етінің орнына көкөніс қосылып бұқтырылған сиырдың етінен тефтель берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

В.Латыш

Хатшы:

М.Подчасова

ДТЖО:

А.Сулейменова

Әлеуметтік педагог:

Л.Саденова

Комиссия мүшелері:

М.Абдрахманова

И.Испулова

Ж.Шукенова